Университетте пайдаланушыларға ақпараттық қызмет көрсету мақсатында ғылыми оқу залы 2000 жылдан бастап жұмыс істейді. Жалпы қоры -11 200, оның 2 000 профессор-оқытушы құрамының еңбектері (оқулық, оқу құралы, монография, оқу-әдістемелік құрал), 2 300 жоғары білім саласы бойынша ғылыми жұрналдар (университет хабарлары, хабаршысы, баяндамалары т.б), 1 400 ғылыми конференция еңбектері жинағы болса қордың құнды бөлігін 5 300 авторефераттар мен диссертациялар (магистрлік, кандидаттық, докторлық, PhD) құрайды. М. Әуезов атындағы ОҚМУ көпсалалы инфрақұрылымды ғылыми білім беретін университет болғандықтан ғылыми оқу залы қорына ғылымның әртүрлі саласынан авторефераттар, ғылыми басылымдар түсіп отырады (жаратылыстану, техника және технология, гуманитарлық т.б.).

Пайдаланушылар саны жылдық көрсеткіш бойынша -800, келушілер саны -5 500, басылым беру саны -9 000 құрайды. Негізгі міндеті пайдаланушыларды білім және ғылым саласында болып жатқан жаңалықтармен дер кезінде, жылдам, сауатты түрде ақпараттандырып отыру. Пайдаланушыларға ақпараттық қызмет дәстүрлі және электрондық түрде көрсетіледі.

Мақсаты:

Ғылыми оқу залында пайдаланушыларға көрсетілетін ақпараттық қызметтің ең жоғары сапалы болуы. Университеттің оқытушы- профессорлар қауымына және ғылыми қызметкерлеріне, магистранттар мен студент қауымға сапалы, толық және тез кітапханалық – библиографиялық қызмет көрсетіп қажетті ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыра отырып кітап қорын кеңінен насихаттау;

- кітап қорын университеттің оқу үрдісіне сай жинақтап пайдаланушылардың ақпараттық сұранысын қанағаттандыру;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Университетіміздің білім саясатын жас ғалымдар мен студент жастар арасында насихаттау;
- пайдаланушыларға кітапханалық ақпараттық қызмет көрсетуде жұмыстың прогрессивтік жаңа түрлері мен әдістерін пайдалану;
- қазіргі заманға сай жаңа технологияны ақпараттар ағымында пайдалану, интернет жүйесі мен ЭК пайдалану жұмыстарын одан әрі жандандыру;
- ғылыми оқу зал қорындағы құжаттар мен жаңадан келіп түскен диссертацияларға оқырмандардың жедел түрде қол жеткізуіне анықтама беру;
- қордағы материалдарды кітап көрмесі, ақпараттық күндер және ғылым күні т.б. көпшілік жұмыстар арқылы насихаттау;

Миссиясы:

- ғылыми оқу залының миссиясы пайдаланушыларға ақпараттық қызмет көрсетуде оқытушы- профессорлар қауымына, ғылыми қызметкерлерге, магистранттар мен докторанттарға және жалпы ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын қызметкерлерге қор ресурсын толық пайдалануға жағдай жасау;
- пайдаланушының мәдени ақпараттық қажеттілігін қолдай отырып, көлемді әрі мәнді, нақты ақпараттарға қол жеткізу;
- ақпараттық ресурстарды университеттің оқу үрдісі мен ғылыми-зерттеу жұмысы талаптарына сай жинақтау, магистранттардың, профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің ақпараттық қажеттіліктерін жылдам, толық, еркін қол жеткізу принциптеріне сәйкес сапалы қамтамасыз ету.

Қызмет көрсетудің мәдени деңгейі мен залдың көркемдігі пайдаланушыларымыздың шығармашылық, ғылыми – зерттеу жұмысымен айналысуына (жас ғалымдарға, докторанттарға, профессор- оқытушылар құрамына және студенттерге) мол мүмкіндік береді.

Пайдаланушылардың ғылыми- техникалық және әлемдік ақпараттық ресурстарды пайдалану мүмкіндігін арттыру мақсатында ғылыми оқу залында бір қатар іс- шаралар «Ақпарат күні», «Ғылым күні», дөңгелек үстел, сұрақ – жауап, сауалнама кезеңдері ұйымдастырылып отырады, онда жас ғалымдар ой- пікірлерімен бөлісе келе, ғылыми оқу залы қызметін келешекте қандай деңгейде көргісі келетіндіктері жайлы өз ұсыныстарын ортаға салады.

Ғылыми оқу залында Ақпараттық білім беру орталығы арқылы алынатын ғылыми басылымдар, университет ғалымдарының еңбектері, ізденушілер және магистранттарға көмекші құралдар, жоғары білім бойынша мерзімді басылымдардан кітап көрмесі ұйымдастырылған. Мысалы; «Білім шыңы ғылым» атты кітап көрмесі жас ғалымдар, магистранттар, докторант PhD, профессор- оқытушылар құрамының ғылыми – зерттеу жұмыстарына көмек ретінде ұсынылатын көптеген ғылыми еңбектер топтамасынан ұйымдастырылған. Екінші кітап көрмесі университет ғалымдарының еңбектерін ашып көрсететін «Инновациялық білім – уақыт талабы» атты айдармен орын алған, көрме ПОҚ еңбектерінің соңғы 2010-2013 жылдар аралығында жарық көрген оқулықтары, оқу құралдары, монографиялары топтастырылған. Үшінші, мерзімді басылымдар көрмесі яғни, Жоғары мектеп бойынша ғылыми журналдар, ҚР ҰҒА баяндамалары, хабарлары, хабаршыс, ЖАК тізіміне енген ғылыми мерзімді басылымдар (соңғы басылым сандары көрсетіледі).Пайдаланушылар назарына ұсынылған төртінші көрме конференция еңбектерінің материалдары жинағы болып табылады. Көрме, университет, Республика

көлемінде өткен ғылыми конференциялар, дөңгелек үстел, семинар материалдарының соңғы жинақтарын пайдаланушылар назарына ұсынады. Көрмелердің барлығы дерлік жаңа баспалар мен толықтырылып, ауыстырылып отырады.

Оқу залының ақпараттық қызметін пайдаланушыларды қызықтыратын жаңалықтар мен мәліметтерді дер кезінде алуына мүмкіндіктер жасалған. Бірінші курс магистранттары өздерін қызықтыратын сұрақтармен мысалы, бастапқыда мақалаларын қандай басылымға беруден бастаған дұрыс, қалай беруге болады?, диссертация, авторефераттар қалай пайдалануға болады?, қандай сайттардан толық мәтінді журналдар мен диссертацияларды іздеу керек деген сияқты сауалдармен келсе екінші курста магистрлік диссертация жазуда қандай әдістемелік көмекші құралдар бар?, диссертация жазу талаптары жайында қандай көмек бар деген сұраныстарымен жиі келеді. Бұл жағадайда жас ғалымдарға көмекші әдістемелік жинақ тық арнайы папка құрастырылған. Сонымен қатар АБО орталығының сайты http://www.lib.ukgu.kz/ арқылы көптеген мәліметтер алуға болатыны дер кезінде хабарланып отырады. Магистрлік, докторлық диссертация орындау талаптары мен ережелері т.б. көмекші құралдар назарларына ұсынылады. Ғылыми оқу залының қызметін пайдаланушылар қай жерде, қашан, қандай конференция, көрме, жәрмеңке болатыны жайлы мәліметтер ала алады.

Ақпараттық қызмет автоматтандырылған кітапханалық – ақпараттық жүйе ИРБИС 64 бағдарламасы бойынша Электронды каталогта (ЭК) көрсетіледі. ЭК мәліметтер базасында АБО қорына келіп түскен барлық диссертациялар мен диссертация авторефераттары және магистрлік диссертациялар толық енгізіледі. Оқу залында ИНТЕРНЕТТІК жүйе толығымен іске қосылған.

Пайдаланушылар диссертациялармен ғылыми оқу залында отырып таныса алады. Сапалы әрі жылдам қызмет көрсету мақсатында ғылыми оқу залы қорындағы диссертациялар мен диссертация авторефераттарының, ғылыми конференция еңбектерінің және ғылыми журналдардың дәстүрлі библиографиялық көрсеткіші шығарылып отырады және АБО Web-сайтына қойылады. Web-сайттағы керекті материалдардың дәстүрлі нұсқасымен ғылыми оқу залын келіп танысып, керекті материалдарды электронды тасымалдауыш құралдар арқылы алып отырады.

Университет мамандарды үш деңгейлі жүйе бойынша даярлағандықтан; бакалавриат – магистратура – докторантура PhD оқу залы жоғарғы оқу орнынан кейінгі даярлау орталығымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Магистранттар әр жылда Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруымен шет елдерге тәжрибе алмасуға барып, алған тәжірибелері жайында өз ойларын әңгімелесу, сұхбаттасу барысында ортаға салып отырады. Студент жастарымыз университеттің алдынғы қатарлы ғалымдарының жетекшілігімен ғылыми – зерттеу жұмыстарына белсенді түрде қатысады. Әр жылда студенттік ғылыми конференция, ғылыми жұмыстардың республикалық конкурстары (жаратылыстану, техника, әлеуметтік- гуманитарлық және экономика ғылымдары бойынша) өтіп тұрады. Өткізілген ғылыми конференция, семинар, дөңгелек үстел материалдары жинағы ғылыми оқу залы қорынан орын алады.

Университет ғалымдары, студенттері әр жыл ғылыми-техникалық бағдарламаларға, жобаларға, көрмелерге қатысып, ізденістерінің нәтижесінде грантқа ие болып жатқандары біз үшін үлкен мақтаныш себебі; университет ғылымының дамуы мен қолжеткен табыстарында АБО ғылыми оқу залының қосқан үлесі да бар деп ойлаймын.

Мынбаева Г.К.

Кітапхананы дамыту
бөлімінің меңгерушісі

Кітапханашылар біліктілігін арттыру.

Ақпараттық технология қарқынды дамып келе жатқан бүгінгі күнде, цифрлы коммуникация жүйесінің пайда болуы ақпаратты пайдаланушылардың мәселелерін шешу үшін, арнайы дағды мен білім алуын талап етеді. Бүгінгі ақпарат әлемінің бағытына бейімделу үшін әртүрлі интеллектуалды кәсіпқой мамандар қажет. Олар ақпаратпен жұмыс жасау кезінде үрдістерді іріктей білу, сипатын анықтау, сақтау, ұйымдастыруды басқара білуі тиіс.

Жаңа технологияның әсерінен жоғары оқу орындары кітапханалары ақпараттық білім беру орталықтарына айналып келеді. Мұндай жағдайда кітапханашы мамандардың біліктілігінің жоғары болғандығы кітапхана имиджін көтереді.

Кітапхананың ақпараттық-технология платформасына көшуі, оның қызметі мен міндетін өзгертеді, ал бұл кітапханашының қызметін мынадай жаңа бағытқа өзгертуіне алып келеді: бағдарламалық қамтамасыз ету, заманауи офистік техникалар мен программаларды игеру, компьютер, принтер, сканер құралдарынының мүмкіндіктерін түр ерекшелігіне қарай талдау және зерделей білу, желілік технология бойынша Интернет-ресурстарын оқу, ірі баспалардың (отандық және шетелдік) толықмәтінді деректер қорының электронды пошталарын білу, құжаттарды электронды жеткізу, кітапхананың немесе сайттың web-бетшелерін құра білу, оны толықтыру, виртуалды қызмет көрсету.

Кітапханалар қызметінің тиімділігін арттыру үшін кітапханашының теориялық және іс-тәжірибелік білімін , кәсіби және компьютерлік сауаттылығын, мәдени және көркем сөйлеу мәдениетін жетілдіру өте маңызды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 27 наурыздағы №249 бұйрығы бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ақпараттық білім беру орталығы (АБО) Оңтүстік Қазақстан облысы білім беру жүйелері кітапханаларының ғылыми-әдістемелік және ақпараттық координациялық орталығы болып табылады.

АБО ғылыми-әдістемелік және ақпараттық координациялық орталығының құрамына: ОҚ мемлекеттік педагогикалық институты, ОҚ мемлекеттік фармацевтикалық академиясы, ОҚ педагогикалық университеті, Қазақстан Халықтар Достығы Университеті, Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің және 9 колледж кітапханалары кіреді.

АБО-да маман біліктілігін көтеру кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру жүйесі бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырылады. Ол мынадай іс-шаралар түрін қамтиды: республикалық конференциялар мен облыстық семинарларға қатысу, қызметкерлерді аттестациялаудан өткізу, конкурстар, тренинг-сабақтар, жас кітапханашылар мектебінің стажировкасы. Ал мұндай іс-шараларды ұйымдастыру үрдісін АБО-ның Кітапхананы дамыту бөлімі жүзеге асырады.

АБО Кітапхананы дамыту бөлімі жұмысының негізгі бағыттары әдістемелік көмек көрсету, кітапхана ісінің озық іс-тәжірибелерін зерттеп, насихаттау және енгізу, ОҚО білім беру жүйесі кітапханаларының қызметін үйлестіру, кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіруді ұйымдастыру.


Қазіргі уақыт ақпараттардың өте көп тарап, жаңа технологияның күнделікті жаңарып отыратын кезі болғандықтан кітапханашылар заман талабына сәйкес білім деңгейін көтеріп отыруы керек. АБО Әдістемелік кеңесі кез келген мамандық үшін ағылшын тілін меңгеру, жаңа технологияны жетік білу өзекті мәселелер деп қарап, жаңа технологиямен жұмыс істеуге үйрететін тренинг-сабақтар мен оқыту курстарын ұйымдастыруға, ағылшын тілін оқытатын курстарға қатысуға шешім шығарады.

Аймақтық жоғары оқу орындары кітапханашыларының біліктілігін көтеру мақсатында: 2011 жылы Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында

«Инновациялық процесстер жоғары оқу орнының қазіргі заманғы кітапханасын басқарудың факторы ретінде» тақырыбына оқу орнындарының кітапхана басшылары мен қызметкерлері үшін ғылыми-практикалық семинар, 2012 жылдың қараша айында **«Толықмәтінді мәліметтер қорының ғылым және білім беру үрдісін ақпаратпен қамтамасыз етуі»** тақырыбына семинар - тренинг ұйымдастырылды.Семинар-тренингке ОҚМУ оқытушылары, магистранттары, сонымен бірге Шымкент, Тараз, Түркістан қалалары оқу орындарының өкілдері қатысты. Семинарға қатысушылар ON LINE шетелдік ресурстарымен, Scopus, Elsevier және т.б. деректер қорларымен танысып, импакт-факторлы ғылыми журналдарды іздеу жолдарын үйренді.



2011 жылы кадрларды қайта даярлау саласының Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі педагогикалық қызметкерлерінің біліктілікті жоғарылату бойынша Өңіраралық орталығымен біріге біліктілікті жетілдірудің **««Электронды кітапханаларды енгізу мен пайдаланудың мәселелері»** тақырыбына жоғары оқу орындары кітапханашылары үшін оқыту курсын ұйымдастырып, курста дәріс алған мамандарға сертификат тапсырды.





АБО электронды кітапханасын **www.lib.ukgu.kz** кітапхана сайты арқылы пайдалануға болады. Кітапхана сайтында Әдіскер беті парақшасы орналасқан. Кітапханашы маман осы беттен «Әдістемелік кеңес жоспарын», біліктілікті жетілдіру жүйесінің іс-шаралары туралы ақпараттар мен баяндамаларды көре алады.

Пайдаланушыларға ақпаратты дәстүрлі және электронды тасымалдағыш түрінде жеткізуге, сапалы, толық және жылдам қызмет көрсету үшін, толықмәтінді мәліметтер базаларының ресурстарына қол жетімді қажетті жағдай жасалған.

АБО қызметкерлерінің құруымен: «М.Әуезов атындағы ОҚМУ профессор-оқытушылар құрамының еңбектері», «Электронды архив», Электронды каталог (ЭК) «Web-

ИРБИС» жаңа модулінің ендірілуінің арқасында библиографиялық және толық- мәтінді мәліметтер базасын қашықтықтан пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Қазақстандық мәліметтер базасы: «КазПатент», «Стандарты РК», «Заң», «Цифровая библиотека по правам человека», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана» (РЖОЭК).


Шет елдік мәліметтер базасы: «Scince», «SpringerLink», «Elsevier», «Thomson Reuters», «Polpred.com».

Заманауи кітапханашының кәсіби деңгейінен шет тілді ақпараттардың бағдарын оқи білуі және мәліметтер базаларынан оқырманға ақпарат тауып беру талап етіледі. Мәлімет базаларынан оқырманға ақпарат іздеу жолдарын үйрету мақсатында АБО директор орынбасары Н.В.Рыбалкина және Жаңа технология және электрондық ресурстар бөлімінің меңгерушісі Г.Ш.Тұяқбаеваның жүргізуімен «**М.Әуезов атындағы ОҚМУ электрондық білім беру ресурстары»** және **«Ғылыми журналдардың импакт факторы»** тақырыптарына семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

Кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуде университет қазақстандық алдыңғы қатарлы кітапханалармен келісімшартқа отырған: Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары Ассоциациясымен. Университетті шет елдік ғылыми-техникалық ақпараттар ресурсын еркін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету сұрақтары бойынша АҚ «Ғылыми-техникалық ақпараттардың ұлттық орталығының» Оңтүстік Қазақстандық филиалымен АБО байланыста.

Ақпараттық білім беру орталығы «Қазақстан кітапханаларының ақпараттық Консорциумы» Ассоциациясына және Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары кітапханасының Ассоциациясына мүше, ал бұл 2011-2012 жылдар арасында АБО қызметкерлерінің республикалық ғылыми конференцияларға, семинарларға, жоғары оқу орындары кітапханаларының директорлар кеңесіне қатысуына, кәсіби біліктілігін жетілдіруге және тәжірибе алмасуға жол ашатын бірден-бір мүмкіндік берді.

Университеттің Электронды кітапханасын тиімді пайдалану мақсатында, электронды кітапхананы әрі қарай қалыптастыру , цифрлы технологияның дамуына байланысты, электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын пайдаланушыларға сапалы түрде жеткізу үшін, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін заманауи талапқа сай көтеру үшін АБО қызметкерлері арасында заманауи ақпараттық технологияларды меңгергені жөнінде аттестациялау жүргізілді. Аттестациялаудан өткен қызметкерлер пайыздық көрсеткіші бойынша: 16 адам (36 %) - өте жақсы , 20 адам (44%) - жақсы, 9 адам (20%) – қанағаттанарлық деп бағаланды.



Қазіргі уақытта АБО қызметкерлер құрамы 75 адам, аттестациялау нәтижесінде қызметкерлер құрамының 87 % жоғары кітапханалық білімді, 2 қызметкер ОҚМУ магистратура бөлімінде, 4 қызметкер университеттің «Кітапхана ісі» мамандығына сырттай оқу бөлімінде оқиды.

Ақпараттық білім беру орталығы қызметкерлерін ИРБИС-64 бағдарламасы бойынша жұмыс істеуге үйрететін оқыту курстары, «Жас кітапханшылар мектебі», мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдау және заманауи жаңа технологияны толық меңгеруіне мүмкіндік

беретін конкурс «Үздік кітап көрмесі», «Үздік кітапханашы» кәсіби мамандандырылған сайыстар ұйымдастырылып отырады.

Қорытындылай келгенде, маман біліктілігін жетілдіру заман талабының сұранысы бойынша, еңбек дағдысы мен білімді жетілдірудің заманауи тәсілдерімен, семинарлар, мастер-класс, тренингтер және т.б.кәсіби біліктіліктілік деңгейін көтеретін іс-шараларға қатысу арқылы жүзеге асырылатын үрдіс.

Бүгінгі кітапханашы – жаңа коммуникация жүйесінің белсенді мүшесі, жаңа ақпараттық технология саласының маманы, ақпараттық мәдениетті таратушы, кітапханалық-ақпараттық ортаның басқарушысы және ұйымдастырушысы.

Мынбаева Г.К.
Кітапхананы дамыту
бөлімінің меңгерушісі.

Ақпараттық қызмет көрсету және сапа менеджмент жүйесі.

Сапа менеджменті қазіргі таңда барлық тауарлар мен қызмет көрсету саласында көкейкесті маңызды мәселе. Сапа менеджмент жүйесі бүгінде басқарудың міндетті құрамдас бөлігі.

СМЖ басты мақсаты әрбір қызметті бақылау емес, қызметтің төмендеуіне жол бермейтін қателіктерді болдырмау.

СМЖ құрылымы жағынан ұйымдар,үрдістер,құжаттар,ресурстар элементтерінен тұрады.ИСО-ның анықтамасы бойынша ұйымдар дегеніміз-жауапкершілік, өкілеттік, өзара қарым қатынас, қызметшілер мен құралдар тобы.

Үрдістер - қызметтің өзара байланысты және өзара әрекет ететін «енгізілуі» мен «шығарылуы» жаңартылып отыратын элементтер.Үрдістің «енгізілуі», жиі-жиі «шығарылуы» да мүмкін.

СМЖ үшін рәсімдеу ұғымының мәні зор. Рәсімдеу-қызметті атқарудың немесе үрдістің белгіленген тәсілі.Үрдісті (үрдіс жиынтығын) рәсімдеу деуге болады. Бір жағынан алғанда бұл-үрдіс тәртібінің орындалуына жазылған құжат.

Сапа менеджмент жүйесін құру үшін:

- қызметтің негізгі үрдістерін сәйкестендіру;
- үрдістердің ретін және өзара әрекетін жасау;
- жұмыс және үрдістерді басқару тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті өлшемдер мен әдістерді анықтау;
- жұмысты және үрдістерді қадағалайтын ресурстар мен ақпаратты қамтамасыз ету;
- үрдістерді қадағалау және талдау;
- жоспарланған нәтижелерге және үрдістерді тұрақты жақсартуға қол жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдау;

ИСО 9001:2008 стандарт талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарының СМЖ негізі мыналар болып табылады:

- басшылықтың алдына мақсат қоюы мен оған жетудегі жетекші рөлі;
- қызметтің барлық түрін ұйымдастыруға үрдістік қадам жасау;
- басқаруға жүйелі қадам жасау;
- өнім сапасын тұрақты жақсарту;

Арақатынасы туралы айтқанда , «СМЖ» мен «ИСО 9001» арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. СМЖ – жүйе, ИСО 9001 – стандарт, СМЖ-ға белгілі бір талап қоятын құжат.

Қазіргі уақытта ОҚМУ Ақпараттық білім беру орталығында пайдаланушыларға ақпараттық қызмет көрсету Сапа жүйесінің талаптарына сай көрсетілуде. Бұл , жоғары оқу орындарында кітапханалық қызмет көрсетуді арттырудың маңызды әрі мәнді үрдісі. Кітапхана мен университет бөлімдерінің бір-бірімен тығыз өзара әрекет етуі, ақпараттық ресуртарды оқыту үрдісі мен оқу орнының ғылыми ізденісіне тәуелді.Университет өз студенттері мен оқытушыларына ақпараттық орта мен кітапханалық ресурстарға қол жеткізуіне кепілдік беруі тиіс. Ал кітапхана өз кезегінде сапалы қызмет көрсетуге кепілдеме беруі керек.

Сапа менеджмент жүйесінің кітапханаға енгізілу үрдісі: кітапхананың қызмет бағыттарын талдау, үрдістерді зерттеу жолын анықтау және олардың мүмкіндіктерін арттыруды қарастырудан тұрады.Жақсы қалыптасқан «кітапханалық өндіріс» жоғары оқу орнының студенттері мен қызметкерлерінің қажеттіліктерін ақпаратпен толықтай қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты кітапхананың беделін көтеру үшін белсенді жұмыстар жүргізіледі:

1. Оқырмандар үшін жайлы жағдай жасау:
   - ыңғайлы жұмыс кестесі;
   - бөлімдерді ыңғайлап орналастыру;
   - сайтта және университет ғимаратында кітапхана жұмысы туралы ақпарат беру;
   - қызмет көрсетудің жаңа түрлері және оларды жарнамалау;
   - жайлы жиһаз, жарықтың түсуі және т.б.
2. Әдебиеттерді өңдеу жұмыстарының уақытын үнемдеу және оқырмандарға қызмет көрсету мақсатында жаңа технологияны ендіру
3. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету.
4. Оқырман мен кітапханашы арасында жайлы психологиялық климат құру. Оқырмандарға қызмет көрсетуде конфликт бола қалатын жағдайда, қызметкерлерді алдын-ала психологиялық даярлау.
5. Конференцияларда, кеңестік шақыруларда, қызметкерлердің жарияланымдарында, оқу орындары мен жоғары оқу орны аралық басылымдарында кітапхананы таныстыру.

Ақпараттық білім беру орталығының негізгі міндеті – оқу орнының білім беру үрдістеріне, сапалы білім көрсетуге және ғылыми ізденіс жұмыстарын дамытуға жан-жақты ақпараттық қолдау көрсету .

Кітапхана жұмысының негізгі бағыты- кітапханалық ақпараттық қызмет көрсету, мемлекеттің ГОСТ ИСО 9001:2008 стандарт талабына сәйкес М. Әуезов атындағы ОҚМУ сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары бойынша негізделеді.

Сапа саласының саясаты ұйымның стратегиялық құжаттарының бірі болып саналады.Бұл құжатта жұмыстың негізгі принциптері және оны басқару жүйесінің дамуы анықталады.

Сапа саласының мақсаттары – бұл ұйымның сапалы нәтижелерге жету үшін алға қойған мақсаттарының құжаты. Оның саясаттан айырмашылығы, мақсат алдына нақты көрсеткіштер қойып,оның белгілі бір уақытта орындалуын көздейді.

Ақпараттық білім беру орталығының қызметіне енгізілген сапа басқару жүйесінің негізі стандартталған кітапханалық құжатталған үрдістер: ОҚМУ «Ақпараттық білім беру орталығының ресурстарын басқару тәртібінің үрдістері», «АБО туралы ереже» және «Лауазымдық нұсқау» (ЛН) штат кестесіне сай құрастырылып , әрбір жаңа қызметкер өзіне жүктелген міндетімен танысқандығы жайында арнайы параққа қол қояды.

Университет құрамындағы сапа қызметі бөлімінің басқаруымен, АБО қызметінің нәтижелілігін талдау мақсатында жылдық жұмыс есебі Әдістемелік кеңесте талқыланады, жаңа жылға университеттің сапа саласындағы мақсаты мен саясаты негізінде АБО сапа саласындағы саясаты, ескерту іс-әрекеттерінің жоспары , жақсарту іс-шаралары жоспары, сапа басқару жүйесі құжаттамалы үрдістеріне (ҚҮ) кітапханашыларды оқыту жоспары дайындалады.

Халықаралық стандарт ИСО 9001:2008 сапалы басқарудың: тұтынушы талабын бағдарға алу, басшы-көшбасшылық қызметкерлерді тарту, үрдіс барысы, басқару жүйелілігі, тұрақты жақсарту, дәйек негізінде шешім қабылдау, тауарды қамтамасыз етушімен өзара пайдалы қарым-қатынас орнату – дүниежүзілік практикадағы негізгі принциптері.

Осы аталған принцип негізінде Ақпараттық білім беру орталығында сапа басқару жүйесін енгізудің нәтижелері мынадай: кітапхананың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын тәртіпке келтіру, құжат жүргізу мәдениетін жоғарылату, жоғары және орта буын басшылардың еңбек ресурсын басқарудағы жауапкершілігін арттыру, кітапханалық-ақпараттық жұмыстың бәсекелестігін арттыру, соңғы нәтиже кітапхананы басқаруда пайдаланушының қажеттілігін анықтау және қанағаттандыру.

Сапа жүйесінің кітапхана ісіне енуі:

- Кітапханалық-ақпараттық өнім мен қызмет көрсету тиімділігін арттырады;
- Құжаттандыру мәдениетін көтереді;
- Құрылымдық бөлімшелердің құжаттарды жүргізу үрдісін реттейді;
- Еңбек қатынасын реттейді;
- Еңбек ресурстарының жауапкершілігін арттырады.

Жұмабаева Б.А.
Оқырмандарға қызмет көрсету
бөлімінің сектор меңгерушісі

Ақпараттық білім беру орталығының техникалық мамандықтар бойынша оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің оқу залдары секторының көпшілік тәрбие жұмысы

Оқырманға қызмет көрсетудің негізі сапалы, мәдениетті, әрі білімді, жылдам қызмет ету. Мамандықтарға байланысты ашылған оқу залдарының әрбір оқырманмен өзіндік қызығы да, қиыншылығы да бар. Алты оқу залының жоспарларын ұйымдастыру, әрбір оқу залындағы жұмыстардың орындалуын қадағалау сектордың негізгі міндеті, осындай жұмыстың бірі:

1. Көпшілік –тәрбие жұмыстары

Мақсаты: Әдеби-музыкалық кештер, диспуттар, әңгімелер, пікір - сайыстар, даталы күндер, тұсаукесерлер арқылы АБО–ның қорын жарнамалау, ұйымдастырылған тақырыптық, ашық кітап көрмелері арқылы оқу залдарының қорына жаңадан түскен басылымдарды көрсету, атқарылған істерін, қазақ елінің тарихи оқиғаларын, елбасымыздың игі - еңбектерін оқырмандарға кеңінен таныстыру.

ҚР Президентінің «Қазақстан 2030» Бағдарламасын насихаттау, кезекті халыққа арналған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» жолдауын таныстыру мақсатында студенттер арасында жолдауды талқылау өткізілді, оған арнайы жоспар құрылды, барлық оқу залдарында әр түрлі бағытта, әр түрлі тақырыпта тақырыптық кітап көрмелері мен ашық көрмелер ұйымдастырылып көрмелердің тұсаукесерлері, студенттер арасында жолдауды талқылау және дөңгелек үстелдер мен пікір-сайыстар өткізілді, қажетті материалдарын оқытушылар, магистранттар күнделікті қолданып отырды. (СМ-09-10к5, СМ-08-11к2, ЭФ- 07-5р1,СМ-08-6к1, ИП-07-к1, АП-09-10к2, АП-09-8к1, ИП-08-5к, АП-09-25к, АП-09-22к, Ап-08-11к3, ЖТ-08-6к1, ХТ-09-1к1, ЮМ 07-5к1, ИП-06-6р,- ИП-08-7к, ИП-08-7к1, ИП-08-6к1, ИП-08-4к2 т.б.топтар арасында ұйымдастырылды қатысқаны - 120.

Сонымен қатар Елбасымыздың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Жолдауын қолдау мақсатында және Қазақстан Тәуелсіздігінің 20- жылдығы мен Желтоқсан оқиғасының 25 жылдығына орай 2011 жылғы жоспарда мамандандырылған әрбір оқу залында іс-шаралар өткізу ұйымдастырылып отырылды, осы негізді ала отырып АБО –ның

«Кітапхананы дамыту» бөлімі кітапхана тарапынан тыс қалмау үшін «Үздік кітап көрме» сайысын ұйымдастырылды.

Осы сайыс негізінде, 2011 жылы наурыздың 3 жұлдызында - Бас оқу залында «Отанымыздың жүрегі – Тәуелсіздік тірегі» дөңгелек үстелі мен «Қазақстан жасампаз жетістіктер жолында» тақырыптық кітап көрмесі - 2 тілде, «Тәуелсіз елге - білікті маман» атты тақырыптық кітап көрмесі университет профессор- оқытушылар құрамының еңбектерінен ұйымдастырылған кітап көрмелерінің тұсаукесер рәсімі болды.

Шараның өту мақсаты:

Жастарға егемендіктің мәнін ұғындыру, өз Отанын сүйетін ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеу, олардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, тіл байлықтары мен шеберлігін дамыту. Президент жолдауы туралы, тәуелсіздік және білім туралы олардың ой пікірлерін білу.

Көрме фотосуреттермен, слайдтармен, дәйексөздермен, стендтермен жасалынды.

Көрме төрт бөлімнен тұрады:

1-бөлім : Отанымыздың жүрегі – тәуелсіздік тірегі.

2-бөлім: Елбасы кемеңгер – көші түзу кемел ел.

3-бөлім: Қазақстан және қазіргі әлем деп аталады.

4-бөлім: Ғасырлар ғажайыбы деп аталады.

Көрме оқырман көңілінен шығып, жақсы бағаланып, нәтижесінде 2-ші орынды иеленді. «Қазақстан жасампаз жетістіктер жолында»

- I бөлім. Мұнда қойылған мәліметтер мемлекеттік егемендік туралы Декларация және оның тарихи маңызы, мемлекеттік тәуелсіздікті жариялау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң, Қазақстанның мемлекеттік рәміздері қойылған.
- II бөлім. Бұл бөлімде, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы, тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі жөнінде мәліметтер, жазған кітаптары және әр жылғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары қойылған.

«Казахстан на пути достижений »

III бөлім. Мұнда Тәуелсіз Қазақстанның әлемнің жетекші елдермен стратегиялық байланысы сол елдермен одақтас құру, жаһандық әлемдегі Қазақстан тұғырының ұстанымының нығаюы және қазіргі күні Қазақстан Республикасының жаңа астанасы күн сайын көркейіп, өсіп келе жатқаны баршамызға куә, жаңа астанамыз Астананың құрылысы мен көркеюі жөнінде мәліметтер қойылған. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа елордасы- Астана қаласы бүгінгі күні қазақ топырағында бой көтерген Шығыс өркениетінің заманауи үлгісі.

IV бөлім. Қазақстан Республикасы Н.Ә. Назарбаев 2004 жылы 10 қаңтарда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы жарлыққа қол қойды. Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы тәуелсіздіктің салтанатты шеруі. Бағдарлама қабылданған бері тарих пен мәдениет саласында ескерткіштер қайта жаңғыртылып, археологиялық зерттеулер жүргізілді. 100 томдық Бабалар сөзінің 51 томы, Әлемдік философиялық мұраның 18 томдығы, Қазақ философиясының 16 томдығы, Баласағұн қалашығы Орхон ескерткіштерінің толық атласы жасалды. Осы жөнінде бірнеше кітаптар
қойылған. Түптеп келгенде мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасын кеңестік тәрбие мен білім алған аға ұрпақ өкілдері кейінгі толқын жастар үшін жүзеге асырды

«Тәуелсіз елге – білікті маман»

Білгенге: білім – байлық, бағасы артық,
Салмағы сан жетпейтін қорғасындай.
Үйренсең өнер-білім, өшпес мұра,
Таусылмас тау кенінің қордасындай деп –
Омар Шораяқұлы жырлағандай білім
ұзақ ғұмырдың сыйлайтын олжасы.

Көрмесі үлкен 4 бөлімнен құралған:

Техникалық ғылымдары
Жаратылыстану ғылымдары
Агроөнеркәсіптік ғылымы
Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдары

Көрмеде М.Әезов атындағы ОҚМУ-дың ректоры ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, техникалық ғылымдар докторы, профессор Уалихан Қозыкеұлы Бишимбаевтың еңбектері мен бірге оқытушы - профессорлар құрамының ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығының ішінде жазылған еңбектері қамтылған.

“Махаббат – мәңгі ертегі» пікір-сайысы” - 16.04.2011 ж.

«Ғашықтар күніне» 222 «Электронды ресурстар орталығында»

«Махаббат – мәңгі ертегі» пікір-сайысы өтті.

“Бағаласаң, махаббатты бағала” деп Мұхтар Шаханов жырлағандай: Махаббат– сезімдердің патшасы, кейде таң ғажайып ертегі тәрізді, кейде өміріңіздегі болған ең тәтті түс тәрізді. Кез келген адамды өзінің тереңділігі мен түсініксіз әлемімен таң қалдырады.

Бұл іс- шараға қатысушылар мен ұйымдастырушылар Агроөнеркәсіптік, АТТ және АЖ , Құрылыс, көлік машина жасау факультеттерінің студенттері, Агроөнеркәсіптік факультетінің оқытушысы Қамбаров Алтынбек, жастар комитеті мен Ақпараттық білім беру орталығының кітапхана қызметкерлері қатысты. Әрбір пікір-сайысқа қатысушы адам өз ойларын емін –еркін айтып «Махаббат» тақырыбы үлкен, кіші жасқа да айырмашылығы жоқ екенін өздерінің айтқан сөздерінен, оқыған «Махаббат» жайлы өлең-жырларынан танытты. Пікір- сайыста слайд көрсетілді.

“БІР ЕЛ –БІР КІТАП” АКЦИЯСЫ - 20.10.2011ж.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақ білек» романының акцияға таңдап алынуына орай факультет студенттерімен бірігіп Ақпараттық білім беру орталығында пікір-сайысы өтті. Филология факультетінен ф.ғ.к., доцент Оразалиев Сейдалы ағай, ф.ғ.к. Жандосова Зылиха апай, «Тәрбие ісі және жастар саясаты» бөлімінің бастығы Қамбаров Алтынбек ағай ф.ғ.к., доцент Бекетов Байқазақ ағай және АБО-ның қызметкерлері пікір-сайыс барысында студенттермен өз ойларымен бөлісіп отырса, техникалық, гуманитарлық оқу залдарының сектор меңгерушілері Жұмабаева Б.А., Шамбулова Халида қорытынды сөзімен бірге пікір-сайыста мағыналы, мәдениетті сөздерімен ерекшеленген оқырмандарға сыйлықтар табыстаумен тәмәмдады.

Тәуелсіз елімізді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ болғандықтан, өткізілген пікір-сайысымыздан студенттер қауымы рухани жағынан азық алып, жүректерінің түкпірінен елге, тілге деген құрмет пен оқу, білімге деген ынта, ертеңге деген сенім артатын іс-шаралар өте берсін.

«Тәуелсіз ел - қазағым» - 18.11.2011 ж. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні!

Дүниені дүр сілкіндірген, тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі 86-жылдың желтоқсаны туралы баспасөз беттерінде аз жазылып жүрген жоқ. Бұл күн – жалынды жастарымыздың тәуелсіздік көксеген рухы алаулаған күн! Бұл күн – азаттық үшін алысып, намыс үшін шабысып, басты бәйгеге тіккен күн! Сондықтан да бұл күн ешқашан ұмытылмақ емес. Жарқын болашақтың беташары болған Желтоқсан - еліміз бен жеріміз үшін, қабырғалы халқымыз үшін, ұлтымыз бен ұлысымыз үшін маңызы зор тарихи белес. Осыдан 20 жыл бұрын әлем картасында Қазақстан Республикасы деген жас мемлекет пайда болды! Өз алдына дербестікке ие болып даму жолына түсті. Ал бүгінде Қазақстан 20 жасқа келген ересек мемлекетке айналды. Көптеген мемлекеттерді өз жасампаздығымен мойындата білді. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан

халықтарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды.

Отан! Тәуелсіздік Отан - дегеніміз – әр адамның туып өскен жері, туған туыстарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Отан – белгілі бір адам үшін оның өзінің елі ғасырлар бойы ғұмыр кешіп және солай болып қалуы үшін, жанын пида қылып келе жатқан байтақ өңір, өлке ғана емес, туған шаңырағы, ата-ана, бала-шағасы, жар қосағы, досжаран, ағайын-туысы, солармен бірге жалғаннан көретін қызығы мен бақытының тұрағы, кейінгі ұрпақтарына рухы жар болып жататын топырағы.

“Astana, the heart of our country”

6.04.2011ж. №3 «Әлем тілдер» оқу залында

“Astana, the heart of our country” тақырыбында жылдық көрменің тұсаукесері болып өтті.

Көрменің мақсаты- тақырып бойынша ағылшын тіліндегі мәліметтерді оқырмандарға таныстыру. Онда көрме мұражай экспозицияларымен, фотосуреттермен, слайдтармен, дәйексөздермен жасалынды. Көрме екі бөлімнен тұрды. Онда студеттер ағылшын тілінде, неміс тілінде, орыс тілінде, француз тілінде ел ордасы Астананы таныстырды. Көрме көрермендермен жақсы бағаланып 3-ші орынды иеленді.

“Zheltokhsan in our Memory”

9.11.2011ж. №3 «Әлем тілдер» оқу залында “Zheltokhsan in our Memory” тақырыбында тәуелсіз Қазақстан -20 жыл және Желтоқсан оқиғасының -25 жылдығына арналған әдеби кеш өткізілді.

Әдеби кештің өткізілу мақсаты- жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге, адамгершілік сезімдерді қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Әдеби кеш қазақ және ағылшын тілінде жүргізіліп, «“Zheltokhsan in our Memory”», «Kazakhstan: at the crossroads of civilizations» тақырыптарында көрме ұйымдастырылды. Кеш барысында «Желтоқсан боздақтары» тақырыбында киносюжет және түрлі слайдтар көрсетілді. Әдеби кешке №3 Әлем тілдер оқу залының оқырмандары қатысып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, сонымен қатар араб, неміс, француз, италиан, түрік тілдерінде тәуелсіз Қазақстанға арналып жыр-шумақтар мен ой-пікірлер айтылды. Әдеби кеш оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде талқыланып, хаттама жазылып өткізілді.

Қатысқандар: Техникалық қызмет көрсету бөлімінің бөлім меңгерушісі Колданбаева Б.Н., бас кітапханашы Жақсықұлова Б., библиография бөлімінің меңгерушісі Қуанышқызы Ж., библиограф Айткүл Сартаевна, «Қазақстан тарих» кафедрасының аға оқытушысы Молдахметова Ж.И., «Шет тілі техникалық мамандықтар үшін» кафедрасының оқытушысы Сванова Дария., кітапханашы Жамантаева А.А.

«Тәуелсіздік тірегі - тұтастық» - 19.04.2011ж.

№2 «Техникалық оқу залында» жылдық жоспар бойынша «Тәуелсіздік тірегі - тұтастық» тақырыптық кітап көрмесінің тұсаукесері мен бірге студенттермен бірігіп ұйымдастырылған “Тәуелсіздік – тірегім” пікір- сайысы өтті.

Мұнда қатысқан әрбір студент өз ойларын ортаға салып, Қазақ елінің яғни Тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз елге айналғаны жайлы, бұл Жеңіске жету жолының қаншалықты ауыр да, қайғылы оқиғалармен, қаншама асыл жас жігерлі жандардың өз өмірлерін қиюымен келген Жеңіс –Тәуелсіздік екеніне тебірене тоқталды.

Сондықтан бұл күн жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз – Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай тағы да берік сеніммен қарап, болашақтың тыныш өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек. Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі таңда патриоттық дәстүрге сай келетін жатқан жаңа талаптарды қойып отыр. Ата-бабаларымыздың

алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр. Ендеше әрқашан да әрқайсымыздың «кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың» тәуелсіздік күні құтты болсын, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!

«Қазақстан өркендеу жолы - өрлеу жолы» -7.04.2011 ж. №8 "Құқықтық , экономикалық әдебиеттер" оқу залы «Қазақстан өркендеу жолы - өрлеу жолы» көрмесінің тұсаукесері мен бірге «Тәуелсіздіктің жиырма - шыңы» атты пікір- сайысы болды, оқу залының кітапхана қызметкерлері «Үздік кітап көрме» сайысында орынды иеленді.

«Тәуелсіздіктің жиырма - шыңы» -пікір-сайысы

Пікір-сайыс «Құқықтық және экономикалық әдебиеттер» оқу залында өтті, саясаттану кафедрасының оқытушылары мен бірге халықаралық қатынастар, құқықтану, экономика кафедрасының оқытушылары қатысты. Қарақұлов Е.И. ағай өз ойын, пікірін ортаға салды, сонымен бірге ф.ғ.к.д. Таубаева Мираш Емешқызы., ф.ғ.к.д. Қорғанова Саида Сұлтанқызы., Алибекова Гүлмира, Ақпараттық білім беру орталығының кітапхана қызметкерлері, Жолдауға, пікірсайысқа қатысты ойларын, алға қойған мақсаттары жайлы еліміз жайлы, Егеменді Қазақстанда туылып, білім алып жатқанын үлкен мақтанышпен қатысқан әрбір студент айтып, Еліміздің тәуелсіздігін мақтанышпен дәріптеді. «Қазақстан өркендеу жолы–өрлеу жолы» тақырыптық кітап көрмелерінің тұсаукесер рәсімі де өз деңгейінде өтті. «Ауылдың өркендеуі - Қазақстанның өркендеуі» - 18.03.2011 ж.

№9 «Агроөнеркәсіптік» факультетінде «Ауылдың өркендеуі- Қазақстанның өркендеуі» атты жылдық көрмесінің тұсаукесері болды, ол көрме 4 бөлімнен тұрады:

1. «Қазақстанның өткені сырлы, келешегі нұрлы»
2. Ел ертеңі бүгіннен басталады (Елбасы жолдауынан)
3. Жастар біздің болашағымыз
4. Дүниеде Тәуелсіз Қазақ елі бар, Әлемде егемен Қазақстан бар

Көрмеде тәуелсіз Қазақстанның бел- белестері, бүгінгі жетістіктері және жарқын болашағы туралы деректер мен құнды кітаптар қойылған.

Бітіруші студенттерге «Диплом жазушыларға көмек» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Білім күніне және Конституция күніне барлық мамандандырылған оқу залдарында яғни БОЗ, №2, 3,8,9,10 ашық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қыркүйек айының 8 жұлдызында №3 "Әлем тілдер" оқу залында "Бір ел- бір кітап" акциясына түскен Жүсіпбек Аймауытовтың "Ақ білек" романына ағылшын тілінде баяндама жасалынып, жалпы студенттерге акция туралы қысқаша түсініктеме берілді.

Кітаптар апталығы мен "Кітаптар керуені" іс-шаралары білім салалары бойынша бас оқу залы, №2 оқу залында, №3 "Әлем тілдер оқу залдарында (ағылшын, француз, неміс тілінде) жиі ұйымдастырылады.

№9 "Агроөнеркәсіптік" оқу залында агроөнеркәсіптік мамандықтарына қатысты (ветеринарлық, су шаруашылығына, биотехнологияға, биологияға, өсімдікте және жануарларға қатысты), №8 "Құқықтық және экономикалық әдебиеттер оқу залында " (экономика, құқық және заңтану, халықаралық қатынастар бойынша) , №10 "Ғылыми" оқу залынан профессор- оқытушылар құрамының еңбектерінен қойылды, бұл көрмеден алар жетістіктер көп.

Алдағы уақытта да жастарды тәрбиелеуде маңызы зор, мәні бар іс- шаралар бола берсін!

Денгельбаева Н.
Ақпараттық білім беру
орталығының әдіскері

Кітапхана қызметін жоспарлау

Жоспарлау – болашақта қандай да бір нәтиже алу үшін көзделеді (мақсат қойылады), ол үшін қандай іс- әрекет, қай жүйелілік пен мерзімде орындалуы керек, яғни, істің қашан және қалай істелуі керектігінің орындалуы нәтижесінде анықталатын қызмет.

Кітапхана қызметін жоспарлау кітапхана жұмысын басқарудың негізі болып табылады. Жоспарлаудың бірнеше тәсілін қарастыруға болады: олар: аналитикалық, мақсатты-бағдарламалық, баланстық, нормативтік, оптимизациялы, экспертті т.б. Жоспарлау кітапхана мен бөлімшенің (немесе бөлім) мақсатын таңдап алудан тұрады, осы мақсатқа жету амалдарын қарастырады. Жоспарлау қызметі мынадай сұрақтарға жауап береді:

1.Біз қазір қандай жағдайда тұрмыз? Кітапхана директоры және бөлім меңгерушілері кітапхананың қаржы, маркетинг, өндіріс, ғылыми зерттеу және іздестіру, еңбек ресурстары сияқты маңызды салалардың жоғары және әлсіз жақтарын бағалай білуі тиіс. Мұның барлығы кітапхананың қандай мүмкіндіктері барын, кем кетігін анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Біз қайда бет алуымыз керек? Кітапханадағы оқырманадар, экономикалық жағдайлар, технология, жабдықтау, әлеуметтік және мәдени өзгерістер сияқты сыртқы ұйымдардың мүмкіндіктері мен қауіп – қатерін сезіне отырып, директор жоспарлаудың мақсаты қандай болу керектігін және осы мақсатқа жетуде кітапханаға не бөгет жасайтынығын анықтайды.

Жоспардың жүзеге асуына көптеген жағдайлар кедергі келтіруі мүмкін. Кітапханаға қаржы-қаражаттың аз бөлінуі, кадр мамандардың жетіспеушілігі сондай ақ материалды-техникалық базамен толық қамтылмауы, арнайы кітапханалық бағдарламалардың орнатылмауы т.б. көптеген сыртқы факторлар кітапхананың құрылған жоспарына әсерін тигізіп жоспралау жұмысы өз мақсатына жете алмайды.

Кітапхананың даму жоспары – арнайы 4 немесе 5 жылға жоспарланады және мекеменің ұйымдастыру моделінің даму бағдарламасы ретінде, яғни ұйымның мақсатына жету үшін бір құрылымды құру және оның әр бөлшегінің міндеттері мен рөлін анықтау болып табылады.

Ағымдағы жоспар бір айға немесе бір жылдық кезеңге құрылады.
Ол кітапхананың жылдық жоспарының логикалық жалғасы мен нақтылығы болып табылады. Оған мысал ретінде мына құрылған жоспар кестесін келтіруге болады:
Жоспар - басқарудың төмендегідей негізгі құралы:
А) кітапхана ұжымы және бөлім меңгерушілерінің қызметі;
Б) кітапханадағы барлық объектілердің қызметі;
В) жоспарланған нәтижеге жетудегі жағдайдың жасалуы.

Жоспарланған жоспар соңғы қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында нақты мүмкіндіктері мен қажетті қаржы қоры мен қамтамасыз етіліп, ғылыми негізге негізделген болуы керек.

Жылдық жоспарды әзірлеу кітапханадағы барлық бөлім меңгерушілерінің ортақ ісі болып табылады. Жоспарды әзірлеу барысында басқарудағы демократиялық пен ізгілік қағидалары және кітапхананың қызметі есепке алынады.

Жоспарлаудың басты қағидалары

1. Ізгілік.
2. Демократия – кітапханалық жоспарлауды әзірлегенде кітапхана үрдісіндегі барлық субъектілердің белсенді ат салысуы.

3. Ғылымилығы, аналитикалық сараптамалығы.
4. Жүйелілік тәсілі (Кітапханадағы барлық бөлім жоспарларының тепе – теңдігі, болашақтағы даму және шұғыл жоспарларының бір – бірімен
өзара сәйкес келуі)
5. Болашақтағы даму мен соңғы нәтижеге жетудегі бағыттылық.
6. Сабақтастығы. (болашақтағы даму жоспарынан апталық және жылдық жоспарына дейінгі барлық жоспарлардың –«тығыз байланыстылығы »).
7. ЫРғақтылығы (бір жылға жоспарланған іс-шараларды ұжымдағы
әріптестер арасында)
8. Нақтылық.
9. Шынайлылық (қол жеткізушілік).
10. Динамикалық (сыртқы және ішкі талаптардың әсерінен өзгеруі).
11. Басты бөлім қағидасы (жоспарлаудың бас кезінде басты міндеттерді таңдау).

2.Стратегиялық жоспарлаудың мәні және жүзеге асырылуы

«Стратегия» гректің – «генерал өнері» деген сөзінен шыққан. «Стратегия» термині осы уақытқа дейін жарыс, әскери мағынасында қолданылып келгенмен, қазіргі кезде бұл атау кәсіпорын қызметінің жалпы концепциясын білдіреді.

1. Стратегия дегеніміз кітапхананың немесе қандай да бір мекеменің міндетті ісін орындауды және мақсатына жетуді қамтамасыз ететін жан-жақты жоспар жиынтығы болып саналады.
2. *Стратегиялық жоспарлау* дегеніміз басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығы, сол арқылы ұйымның өз мақсатына жетуі үшін басшы арнайы стратегияны іздестіреді.
3. Стратегиялық жоспарлау басқару шешімін қабылдауға қажетті құрал болып саналады. Оның басты міндеті – кітапханадағы жаңадан енгізілгендерді жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету. Стратегиялық жоспарлау басқару қызметінің төрт түрін қамтиды: ресурстарды бөлу; сыртқы ортаға бейімделу; ішкі үйлестіру және ұйымдық стратегиялық болжамдау.

Стратегиялық жоспардаудың өзіндік белгілер мынадай:
Стратегияны көпшілік жағдайда жоғары басшылар тұжырымдайды және жасайды, алайда оны жүзеге асыруға басқарудың барлық деңгейіндегілердің қатысуы көзделеді.

Стратегиялық жоспар тек жеке кітапханаға ғана емес, кітапхананың барлық бөлімдерінің болашағы үшін жасалады.

Стратегиялық жоспар құрылмас бұрын көлемді зерттеулерден және нақты деректермен негізделуі тиіс. Қазіргі әлемдегі кітапхана қызметінде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып, мәдениет министрлігі бекіткен кітапханалық жобаларға сүйеніп, жоспарының сапалы құрылып мақсатына жету үшін басқа да факторлар туралы толып жатқан ақпаратты ұдайы жинауы әрі талдауы тиіс.

Стратегиялық жоспарды жасағанда, ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтаумен қоса, қажет болған жағдайда жетілдіруді және қайта бағыттауды жүзеге асыратындай икемді болуы тиіс.

Жалпы стратегиялық жоспарды бағдарлама ретінде қарастыру қажет, сонда ұзақ уақыт бойы кітапхананың қызметін бағыттауға, әрі қажет болған жағдайда өзгертуге болады.

Стратегиялық жоспарлау моделі



Сызбада стратегиялық жоспарды жүзеге асыру көрсетілген.

Шамбулова Х. К.
Көпшілік тәрбие жұмысының
сектор меңгерушісі

Кітапханадағы көпшілік іс-шаралардың тәрбиелік рөлі

Елбасы Н.Назарбаев Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» - деген болатын.

Өйткені, ел болашағы – ертеңгі жастардың қолында. Бүгінгі таңда, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Бүгінде біздің санамызда Отансүйгіштік пен патриотизм егіз ұғымдар болып қалыптасқан. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық пен азаматтық сезімдер, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерді мақтан ету, өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларының мен Отанының тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ өзіңнің маңдай тер еңбегіңді туған еліңнің гүлденуіне арнау, яғни бұлардың барлығы да қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне келіп сыяды.

Бүгінде рухани, мәдени және тарихи құндылықтарымызды жинақтаушы, сақтаушы және оны оқырмандарға жеткізуші, мәңгілік парасаттық ең киелі ғимараты – кітапхана болып табылады. Жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастырып, білімін, ой-өрісін байытуға, рухани көтеріп, қиялына қанат бітіретін әдебиеттермен қауыштырып, жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше.

Осы мақсатта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ақпараттық білім беру орталығында (кітапхана): 4 электронды ресурстар орталығы, 6 абонемент, 15 оқу залы оқырмандарға қызмет көрсетіп келеді. Кітапхана қорын 2 млн. аса кітап басылымы құрайды. Жыл сайын кітапхана білім саласы бойынша 420-ға жуық ғылыми және әдеби мерзімді басылымдармен оқырмандарды қамтамасыз етіп отырады. Пайдаланушыларға негізгі кітап қорынан бөлек 6000-ға жуық электронды қоры мен мәліметтер базасы ұсынылған. Жыл сайын 12000-нан аса оқырмандарға үздіксіз қызмет көрсетіп келеді. Сондай-ақ, Интернет арқылы әлемнің кез-келген бөлігінен ғылыми мәлімет алуын орталық директоры Мира Кукеева өте жақсы жолға қойған.

Ақпараттық білім беру орталығы университеттің тәрбие жұмысының маңызды бөлігі. Оқырмандарға берер мәдени, патриоттық, эстетикалық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау кітапхананың еншісінде, осыған орай оқырмандар конференциясы, әдеби-сазды кештер, дөңгелек үстелдер, пікір-таластар, жаңа кітаптардың тұсаукесерлері және кітап көрмелері ұйымдастырылып, оқырмандар арасында өткізіліп отырады.

Кітапханада өтетін іс-шаралар төмендегі бағыттарда жұмыс атқарып келеді :

- азаматтық-патриоттық тәрбие;
- рухани және мәдени-эстетикалық тәрбие;
- кәсіби-еңбек тәрбиесі;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- экологиялық тәрбие;

Кітапханада жүргізілетін азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бағытында Елбасының халқына жыл сайынғы жолдауларын таныстыру және насихаттау мақсатында «Елбасы жолдауы - болашақтың негізі», «Жолдаудың даму бағыттары» атты дөңгелек үстелдер болып өтті. Студенттер өз сөздерінде, Елбасы Жолдауы өмірдің барлық салаларында біздерді нақты нәтижеге қол жеткізуге бағыттап, жолдаудың барлық тараулары мемлекеттің мығым мүмкіншілігін айқын жетістікке жететін жолды көрсетіп отырғанын, жастарды жаңа қазақстандық патриотизмге ерекше назарын аударып, ел игілігі үшін аянбай еңбек ету қажеттігін атап өттіп, жолдауды жүзеге асыруға барлық күш жігерлерін жұмсайтындықтарын және жолдауды қолдайтынын білдірді.



Қазақстанда алғаш рет мемлекеттік мереке - Тұңғыш Президенті күніне орай «Елбасы кемеңгер көшбасшысы», «President-reliance of the People» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілді. Бүгінгі жас ұрпаққа Елбасының ерекше қасиет-қадірін, Қазақстан Президентінің өмір жолдары туралы түсінік беретін, ерен еңбектерін насихаттай отырып, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру болып табылады.

Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы – өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиісті екенін, бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік, осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында тәуелсіздік күніне арналған «Желтоқсан – тәуелсіздік рухы», «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» атты тарихи-танымдық кештері оқырмандардың көңілінен шықты.

Ұлы жеңіс мерекесіне орай «Ұлы жеңіс ұрпаққа ұлағат» тақырыбында, халықтың батыр қызы М.Мәметованың 90-жыл толуына «Мәншүк есімі – мәңгілік» атты патриоттық кештер жатақхананың кітапханашыларының ұйымдастыруымен өткізіліп отырады.

Жастарды адамгершілікке, рухани және эстетикалық тәрбие беру бағытында ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау мақсатында Мұхтар Әуезовтың 115-жыл толуына орай «Абайтану – Мұхтар Әуезов зеттеулерінде», «Мұхтар Әуезов – ұлы тұлға» тақырыптарында оқу залдарында оқырмандар конференциясы өткізілді.

